

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

When – いつ – қашан

Where – どこで – қайда

Why – なぜ – неге

How – どのように – қалай

How many – どれくらい – қанша, қаншама

How much – いくらで – қанша

Екінші бөлімде, бизнес тілін қолдануда жапон тіліндегі сыпайы стильдің ең жоғарғы түрін қолдану қажет. Хат жазушы ең бірінші кезекте дәрежі сөздер қолданбауға мән беруі қажет. Достарына электронды хат жазғанда қолданатын ауызекі стиль мен түрлі-түсті суреттерді қолдануға болмайды.

Үшінші, электронды хатты ашқан кезде әріпі көп әрі ұзақ жазылған болса, хат алушының оны оқығысы келмей қалуы мүмкін. Сондықтан, хатты жазу кезінде тармақтың ұзындығы 30-35 әріптен аспағаны жөн. Әр тармақтан кейін бір орын қалдырып, әрі қарай екінші тармақты бастаған жөн, сол кезде хатты оқу жеңілдірек болады.

Хатты жазып болған соң, қатты асығып тұрсаңыз да, басынан аяғына дейін тағы бір рет оқып шығыңыз, қателері болса жөндеп жіберуді де ұмытпаңыз.

Электронды хатты жазып болсаңыз, соңында жазылатын сөйлемдерді де ұмытпаңыз, төменде көп жағдайда қолданатын сөздерді келтіреміз:

- 以上/なにとぞ/では/今後とも+よろしくお願いいいたします。
- 以上/まずは/取り急ぎ+ご連絡まで/お知らせいたします/用件のみにて失礼いたします。

Хат жазушы өзінің аты-жөнін хаттың басында немесе соңында көрсетуі қажет. Хаттың соңында жазатын сөйлемнің астында жазушының тегін ғана көрсетіп қоятын жағдайлар көп. Алайда, хаттың басында аты-жөніңізді жазып өзіңізді таныстырғыңыз келсе, сәлемдесу сөйлемінің астында жұмыс орныңызды және аты-жөніңізді жазып өткен дұрыс [4].

Қорытындылай келе, жапон тілінде электронды хат алмасу этикетін сақтау үшін ең бастысы – жапон тіліндегі сыпайы стильдің ең сыпайы түрін қолдану, хаттың мазмұнын қысқа әрі нұсқа жазу және рәсімдеуге ерекше көңіл бөлу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Фролова Е.Л. Личная и деловая переписка на японском языке. Новосибирск, 2012 г, С. 3-7
2. Okumura Maki, Kamabuchi Yuko. しごとの日本語メールの書き方編.Tokyo, ALC Press С. 12-18.
3. <http://www.nippon-gatari.info/2015/02/pishem-pismo-na-yaponskom-yazyke.html>
4. <http://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/145822>

ӘОЖ 81 373.23

КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ АНТРОПОНИМДЕР ЖҮЙЕСІ

Мамытова Ажар

ajar.mamitova@mfa.gov.tr

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

2-сынып магистранты «020500-Филология: Түркі тілдері»

Ғылыми жетекші – М.Қ.Ескеева

Қазақ тілінің шығу тегін, қалыптасуын зерттеуде көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі ерекшеліктерді, оларды қазіргі тіліміздегі қолданыстарымен, даму сипатымен тарихи-салыстыра зерттеудің маңызы зор.

Еліміз егемендік алғанға дейінгі кезеңде ежелгі әдеби жәдігерлер жүйелі түрде зерттелген емес. Тек жекелеген түркітанушы және шығыстанушы ғалымдар ғана ежелгі әдеби жәдігерлерді іздестіру, көне қолжазбалардың мәтінін сараптау, басқа тілдерге тәржіма жасау, жариялау істерімен айналысты.

Географиялық, тілдік және графикалық ерекшеліктеріне қарай көне түркі ескерткіштері Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері болып үш топқа бөлінеді.

Орхон-енисей ескерткіштерінің зерттелу тарихы XVII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Ең алғаш рет (1662 ж.) орхон-енисей жазуын Амстердам қаласының бургомистрі Н. Витзен анықтаған болатын. Ал белгісіз жазуларды оқып, талдау Дания елінің ғұлама ғалымы В.Томсеннің үлесіне тиді. Орхон ескерткіштері ішіндегі мазмұны мен көлемі жағынан ерекше саналатын көне түркі жазбаларының бірі - Күлтегін ескерткіші. Ол - түркі халықтарының ұзақ ғасырлық мәдени тарихының жемісі.

Біз мақалада түркі жазба ескерткіштер тіліндегі антропонимдерге тоқталып, сондай-ақ қазіргі қазақ тіліндегі қолданылу сипатына тоқталмақпыз.

Антропонимия (*anthropos* «кісі» және *onoma* «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі яки бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады. Жер жүзі халықтарының бәрінде әрбір кісінің өзіне тән аты-жөні бар. Адамзат қоғамында есімі, аты жоқ адам кездесуі мүмкін емес. Антропонимдер жүйесі адамдардың өткендегі тұрмысын, қоғамдық-әлеуметтік құрылысын және материалдық әрі мәдени өмірдің құбылыстарын да көрсете алады.

Қазақ есімдері де санаулы жыл ішінде тосыннан пайда бола қалмаған. Оның өзіне тән тарихы, шығу, пайда болу жолы бар. Қазіргі есімдеріміздің ішінде сол ерте замандарда шығып, көненің қарт куәсі, жұрнағы ретінде өмір сүріп келе жатқандары да, орта ғасырға тән және жаңа дәуірде жасалғандары да көп.

Қазақ есімдерінің тарихын дәуірлерге топтастырып, жүйелі түрде зерттеген ғалым Т.Жанұзақов V-VIII ғғ. тән антропонимдер жөнінде: «Бұл дәуірде үй хайуандары мен жабайы аңдардың, табиғат атауларымен өсімдіктердің және қымбат металдардың атаулары кісі аты ретінде қойылып отырған» — дейді өз еңбегінде [1, 27], ал В.У.Махпиров «столь же древними являются антропнимы, в основе которых лежат названия птиц и животных. Происхождение их связано с первобытными культами, что нашло отражение в родоплеменных названиях, в топонимах, в табу, обрядах и поверьях и.т.д.» — деп осыған ұқсас пікір білдірген [2, 26].

V – VIII ғасырларға тән жазба ескерткіштерде кездесетін күрделі тұлғалы кісі аттары және кісі аттарын жасауға арқау болған компоненттер қазіргі түркі тілдерінде түгелдей сақталмаған. Өйткені оларды тудырған, тиісті дәрежеде қолданған қоғамдық қатынас, дәуір түбірімен өзгерді. Дегенмен, ол антрополексемалардың кейбіреулері біздің заманымызға жетіп отыр. Сол замандағы кісі аттарының жасалу үлгісі, принципі мен лексикалық номинациясы тіпті кейбір компоненттері қазіргі антропонимдер жүйесінде сақталып қалған. V-VI ғасырлардағы түрік мемлекеті туралы жазылған Л.Н.Гумилевтің «Древние тюрки» атты еңбегінде берілген есімдер, титулдар мен лақап аттар ішінде қазіргі антропонимдерге ұқсастары өте көп. Көне антропонимдерді жан-жақты талдау барысында түрлі еңбектерге сүйену аса қажет.

Тым көне дәуірлердегі антропонимдердің бүгінгі күнгімен ұқсастықтары екі арада үзілмес байланыстың барын білдіреді. Алайда олардың ерте орта ғасырларға соқпай, бүгінгі күнге жетуі мүмкін емес. Осы тұрғыдан келгенде V-VIII ғасырлардан ертеректегі антропонимдерді де осы ғасырларға топтастырып, бүгінгі күнмен байланысын сөз ету тиімді болмақ. Себебі жазба ескерткіштерге сүйену дұрыс болжамдар жасауға мүмкіндіктер береді.

Көне түркі антропонимиялық жүйесі екі құрамдас бөлік есім және лауазымнан тұрған. Есім бірінші, лауазым екінші тұрады. Кейде бірнеше лауазымнан құралған антропонимдерді де кездестіруге болады. Лауазым атауларын негізінен текті отбасынан шыққандар мен, жоғары мансапқа ие адамдар иемденген. Бұл лауазым атаулары оны иемденген адамның қоғамдағы орны мен билеуші тапқа қандай дәрежеде жақын екендігінің көрсеткіші болған.

Бүгінгі антропонимия ғылымында әйел есімдерінің алар орны ерекше. Жазба ескерткіштердегі әйел есімдері көбіне сол кездегі ел басқарған адамдардың аналарының, жұбайларының және қарындастарының аттары. Бұған қоса бірнеше күң есімі де аталып өтеді. Қай жазба ескерткішті алып қарамасақ та, ол жерде әйел есімдері ер адам есімдерімен салыстырғанда анағұрлым аз екені анық көрінеді. Бұны сол кездегі патриархалды қоғамдық құрылыспен қатысты деп түсінуге болады. Қолда бар материалдарды саралай келе көне түркі әйел есімдері көбіне *Natun, Teñrim, Begim (Begüm, Bigim), Ağa* лауазымдарымен қолданылатындығы анықталған.

Әйел антропонимиялық жүйесінің қалыптасу көздеріне келер болсақ, әйел антропонимдері асыл тас атауларынан, қымбат метал атауларынан, мата атауларынан, астрономиялық атаулардан, абстрактылы ұғымдарды білдіретін, әдемілікті, көріктілікті білдіретін сөздерден жасалып отырған. Ерте заманның өзінде түркі халықтары аттарды жынысқа қарай ажыратқан. Әр жынысқа тиісті, сәйкес мағыналы сөздерден жасалған есімдерді беріп отырған. Көне түркі есімдерінің көбісі дерлік лауазыммен жасалған және ер адамдарға бөлек, әйел адамдарға бөлек лауазымдарды қолданған.

Қазақ дәстүрінде адамның жалқы есімнен басқа да толып жатқан (жанама, бүркеме лақап, балама т.б.) қосымша аттары болады. Қосымша аттар адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастардың ыңғайына қарай өзгеріп, әр алуан морфологиялық тұлғалармен түрленіп, сұхбаттасушы субъектілердің бір-біріне деген ізет-құрметін, көңіл-күйін, ішкі сезімін, дәстүрлі әдептілік пен жол-жоралғыны таныту үшін, жан дүниесін паш ету мақсатында жұмсалады.

V-VIII ғасырларға тән түркі халқының жазба ескерткіштеріндегі *Күлтегін, Яш Ак Баш, Джагий Шад, Тоныкөк* сияқты есімдер – лақап аттар. Лақап аттар ертеректе қазіргі кездегідей, мағынасына қарай сараланбаса керек. Тіптен алғашқы қоғамда-ақ адамдар дене бітімі мен тұлғасына сай лақап есімдермен аталып отырған.

Үй хайуандарының кісі аттарына айналуы көшпелі өмір сүру жүйемізбен байланысты. Т.Жанұзақовтың көрсетуі бойынша көне түркі тіліндегі кейбір антропонимдер былайша қалпына келтіріледі: *Арслан, Арсила (Арыстан), Барс баг (Барысбек), Бури-шад, Бури хан (Бөрі, Бөрібай), Бұға, Буга (Бұқа), Ирбис хан (Илбіс), Кулун бек (Құлынбек, Құлынбай), Кучук хан (Күшік, Күшікбай), Кушрак (Құсжан, Құсан), Шоно (Шона)* [1, 29-31], Осылардың ішінде үй жануарлары жөнінде VIII ғасырға тән түркі жазба ескерткіштерінде *Бұзау (Buzagu)* [3, 35], және *Текеш (Tekas qul tudun)* [3, 35] антропонимдері кездеседі.

Көк тәңіріне табынып, табиғат ананың құдіретіне бас иген көне түркілерде антропонимдер де біршама. Жануарларды кие тұтумен қатар, тәңірі дініне де табынғандығы жөнінде С.М.Абромзон «В значении божества *tanpi* прилагалось не только небо, но и к солнцу (*кун tanpi*), и к луне (*aj tanpi*) и к земле (*tanpi jar*), свидетелствуют о нераздельности божеств неба и земли» дейді [4, 28]. Демек табиғат атауларының да кісі аттарына айналуында тәңірі дінімен байланысты наным-сенімдер секілді ортақ себептер жатыр. Көне жазбаларда бұл мазмұндағы мынандай антропонимдер кездеседі: *Чулу // Чоллиг* «Тау-тасты шөл дала», *янг, соух-тегін* «Жаңа, қатты суық» [5, 467]. *Күн сенгун* — Күнтуар, Күнжан есімдерінің сыңарлары, *Тәңгри хан* — Тәңірберді [1, 28]. Л.Гумилев еңбегіндегі Иль бирды «Ел берді» [5, 467], антропонимінің «берді» компоненті жазба дерек ретінде біріккен тұлғалы Тәңірберді, Көкбердінің сол дәуірде-ақ қалыптасқанын білдіреді. Көк (*kok amas tutuq* [3, 36]), Күн (*Kun* [3, 36]), Ай (*Aj* [3, 36]), Жұлдыз (*Julduz* [1, 27]) секілді антропонимдерді де ерте орта ғасырға жатқызамыз. Күн, ай, жұлдыз ерте орта ғасырларда немесе одан да ертеректе наным-сенімге, кие тұтуға байланысты антропонимге айналған десек те мына бір дерек тағы бір болжамға жетелейді. «Дулухан Тонг алып силиг — бир» Ұлы батыр, көрікті Дулубек — «хандық атақ» [5, 469] яғни *силиг*-сұлу сөзінің сол дәуірде антропонимдер құрамында кездесуі қазіргі сұлу Сұлубек немесе Айсұлу, Күнсұлу т.б. есімдерінің сол уақытта болғандығын немесе қалыптаса бастағанын аңғартады.

Қымбат металл атауларынан болған антропонимдер негізінен алтын мен күміске және темір түбірімен байланысты қолданылады. Ерте орта ғасыр жазбаларында *altyn taj sanun*,

кейінгі орта ғасырлардағы (*bai temur, El temur, Esan temur, kujuk temur, gutluq temur, Tolak temur* [3,37], ал күміспен байланысты М.Қашқарида *kumus tegin* [3,37] кездеседі. Алайда «археологиялық деректер бірнеше жүздеген, мындаған жылдар бойында қазақ даласында мыс, қалайы, күміс, алтын т.б. түсті металдар өндіріп келгендігін көрсетіп отыр» [6, 37] секілді дерек темір мен күміске байланысты антропонимдердің XIII ғасырдан ерте пайда болғанын көрсетеді.

Өсімдік атауларымен байланысты антропонимдер жөнінде мынандай болжамдар айтуға болады. Көне дәуірлерде бұған біріншіден жануарлар азығы, екіншіден емдік қасиетін тану, үшіншіден сұлулық символы ретінде эстетикалық мән берілген. Енисей жазбаларында Анар (*Anar* [3,38]) тұлғасында кездессе, Т.Жанұзақов қазіргі нұсқасы ретінде Анар, Анаргүл антропонимдерін ұсынады [1, 27]. Ал «Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігінде» анаргүл зат, қызыл түсті гүл деген анықтама беріледі [7,139]. Жазба ескерткіштегі осы бір дерекке сүйене отырып, өсімдікке байланысты антропонимдердің ерте орта ғасырларда болғанына көз жеткіземіз.

XII-XIV ғасырларда ұйғыр жазба ескерткіштерінде кездесетін *Barca togmis, barca tojin* [3, 38] есімдерінің бастауы ерте орта ғасырлармен сабақтасып жатса керек. Мұнан мата атауларынан болған антропонимдерді байқаймыз. Алайда, көне түркі сөздігінде *Barca* «барша» барлық, ал *Barcin* «жібек мата» мағынасында беріледі. Сондықтан, бұл әлі де тереңірек зерттей түсуді талап етеді.

Көне заманнан жеткен антропонимдердің енді бір тобы түр-түс атауларымен байланысты. Біздің жыл санауымыздың басындағы Ақ ғұндар, оның көсемі Ақ сибар есімі тарихтан мәлім. Осы аталған (этноним, антропоним) екеуінің де құрамынан ақ сөзін көріп отырмыз. Осы секілді ол антропонимдердің компоненті ретінде де кездеседі. Мысалы, *Aq bas atiq* [3, 39] және Тоныкөк антропонимінің екінші компоненті (тон) — *ьюкук-ьюк-кук-көк* тұлғасында түрлі мағына береді [8, 63], сондай-ақ этимологиялық зерттеулер алтын сөзінің бірінші компоненті түс (қызыл) атауы екенін дәлелдейді [9, 142].

Көне жазбалардағы кісі аттарының мазмұнынан туыстық атауларға байланысты Апа тарқан *Apa, apa tarqan, Jegan* – жиен, *Ciqan* – қыз баланың ұл-қыздары, яғни жиен, *ciqan tonjuq* [3, 40] секілді көне түркі ескерткіштеріндегі деректер сол кездің өзінде туыстық атаулардың антропонимге айналғандығының бір көрінісі болып табылады. Сондықтан Немеребай, Жиенбай, Жиенбет, Әкейман, Әкежан, Ағабек, Аталық т.б. бүгінгі күнгі нұсқалары деп қарауға мүмкіндік береді.

Ерте орта ғасырлар бойынша Л.Н.Гумилев еңбегінде негізінен мемлекет қайраткерлерінің титулдары мен лақап аттары көрсетілген. Ол дәуірдегі шен дәреже, титул атаққа тән: *баг, бай, тегин, чур* (ең жоғарғы титулдың бірі), *тутук* (ру басы), *эпитет* ретіндегі *борн, бари, билге* сөздері дыбыстық өзгерістермен қазіргі антропонимдер құрамында кездеседі. Осы аталғандар *тегин* титулына қатысты айтылатын мынадай пікірлер бар. М.Қашқарида, «*Tegin*, Тегін: бұл сөздің түпкі мағынасы «күл» деген сөз. Содан шығып, реңі күмістей таза күл Күмүштегін — Күмістегін деп аталады» [10, 47] — деп мағыналық өзгерісі береді. Л.Н.Гумилев жігіт сөзінің мағынасы (*жигит* — шад — «жарайсың бек» — жалған аты, [5, 468] — құрмет көрсету, мадақтау, яғни одағай сөз ретінде түсіндіріледі.

Енді жазба ескерткіштердегі кейбір жолдардың идеялық мәнін антропонимдермен салыстыра қарап көрелік. Л.Н.Гумилевтың онамастикалық кестесіндегі «*Бумын* (орхон) *Ильхан, Кушу, Тардуш, Бөкехан, Эрбег-шад, Иль-кюлюг, Баһадур-бек, Жангар, Тонг-шад* антропонимдерінің лексикалық мағынасында мықтылықты, ерлікті құрмет тұту, соған талпыну жатыр. Көне түркі (Күлтегін, Тоныкөк) ескерткіштеріндегі отанды сүю, (Түркі халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым [11, 17], Інім Күлтегінмен бірге, Екі шадпен бірге Өліп тіріліп, жерді ұлғайттым немесе «Күлтегін жауға жалғыз ұмтылды, оңтұқтықты қарулы басшыларымен қолға түсірді» [11, 17-18] сол заманда антропонимдер құрамынан орын алып отырды. Ерлікке, жеңімпаздыққа, батырлыққа байланысты антропонимдер көптеп саналады. Ерте ғасырларда қалыптасқан көзқарас негізінде туып

дамыған осы тақырыптық топтағы кісі аттарын көненің бүгінгі нұсқалары ретінде танымыз. Бұларға Батырбай, Баһадүр, Бадыр, Бектен, Батырбек, Қаһан, т.б. жатқызуға болады.

Көне жазбаларда ерлік пен ақылдылық байланыста қарастырылады:

Қағаны алып еді,

Ақылгөйі білгір еді.

Ол екі кісі тірі тұрса,

Сені — табғаш қырады — депті» немесе есепсіз байлықтың келіп жату себебін, «Елтеріс қағанның ақылдылығынан, батырлығынан» — деп түсіну бар [11, 36]. Яғни батырлық пен ақылдың бірлігін бақыттың жақсы өмірдің кепілі санағандық байқалады. Бұл антропонимдер құрамында билге «ақылды», «дана» тұлғасында қолданылды. Мысалы: Ел билге қатын, Білге құтылық хан, Білге қаған. Осы антропонимдер Білгір, Білжан, Білім, Білікбай, Білісбай секілді тұлғаларда түбірі өзгерместен, сол баяғы қалпын сақтап бүгінгі күнге жетіп отыр.

Тоныкөк ескерткішінде *Оң тұтық* шен ретінде беріледі. Оң сөзінің мағынасын «оң», «оң жақ» [3, 41] деп түсінсек дұрыс, тура бастаушы немесе билеуші, басқарушы дегенді білдіреді. Бұл ақылдылық, даналықпен мағыналас пікір. Осы тұлға даму барысындағы өзгерістердің нәтижесінде Оң түбірі Оңғар (Оңғарбай, Оңғарсын т.б.), Оңал (Оңалбек, Оңалхан, Оңалсын), Оңдасын секілді антропонимдердің шығуына негіз болуы мүмкін.

Ескерткіштерде *құтлық* түбірімен байланысты антропонимдер де кездеседі. Мысалы: Білге құтлұғ хан «Ақылды құтты хан», Құтлұғ Ілтерісхан «Бақытты» Құтлұғ бірде құтты деп берілсе, енді бірде Кутлук [12] - бақыт деген мағынада беріледі. Жалпылай қарағанда байлық, құт, береке, бақыт әсіресе антропонимдік мағына тұрғысынан мәндес. Ескерткіште бұл пікір былайша көрініс береді. «Жалаңаш халықты тонды, кедей халықты бай қылдым» [11, 18] секілді жолдарда экономикалық игіліктерге ұмтылу, халық жағдайын жақсарту мүддесі жатыр. Бұл тақырыптық топта мынандай антропонимдер бар: Құттыбай (Байғұт, Байғұтты), Құттықыз, Құттыбек, Құтпан, Байжан, Барлық, Баржақсы, Байбақты (Бай және бақытты), Барманқұл (Бар+ман+құл үш компонентпен құралған *бар*, *бай* сөзінің дыбыстық түрі) т.б.

Жазба деректер мәліметтеріне қарағанда «байлық, ынтымақ, бірлікке тұрақтайды» - деген даналық пікір көне түріктерден келе жатса керек. Күлтегін ескерткішінде (үлкен жазу):

Төрт бұрыштағы халықты,

Бәрін бейбіт қылдым,

Тату қылдым,

Бәрі маған бағынды» [11, 18] — деген дерек бар. Яғни халықты өзара тартыстан тыйып, бір орталыққа бағындырады. Мысалы *Тюзлюк* «Ымырашыл» [5, 467], *Тюзел-бек* «Дауласуды жайғастыратын бек, делдал» [11, 471], *Tuz baj kuc bars*, *Tusmis* [3, 42] есімдерінің мағыналарында ымыраласу, достыққа шақыру жатыр. Қоғамдағы бұл көзқарас тағы бір мынандай жолдардан көрінеді:

«Інілі-ағалының дауласқандығынан,

Бекті халқының жауласқандығынан,

Түркі халқы елдігін жойды» [11, 11].

Аталған антропонимдердің қазіргі тілімізде мынандай нұсқалары бар: Түзелбай, Түзгенбек, Бірлік, Ынтымақ, Татубай.

Иль берді «Ел берді» [5, 467] антропонимінің идеялық мәніне көңіл аударғанда, сол дәуірлерде антропоним ретінде қолданысқа түскен Тәңір сөзінің де берді компонентімен байланыста болуы мүмкін.

Мұнан қазіргі Тәңірберді, Айберген, Есберді т.б. секілді *берді* етістігімен тіркескен компоненттер түрі кейін әртүрлі өзгерістердің нәтижесінде көбейе түсті. Бастапқыда Елберді антропонимінің қай мақсатты көздеп, қандай мағынадан шыққанын тап басып айту қиын. Қазіргі тіліміздегі нұсқалары негізінен жаратушымен немесе осы секілді сенім мен түсінікте қойылады. Мысалы, Аптапберген, Нұрберген, Қожаберген т.б. антропонимдердің әрқайсысының мағынасында осы пікір жатыр.

Қорыта келгенде, көне түркі жазба ескерткіштер тіліндегі антропонимдерді жалпы топтарға қарай жіктегенде осындай түрлері байқалады. Олардың бүгінгі нұсқалары алуан түрлі өзгерістерге түскені белгілі. Алайда лексикалық тұрғыдан ілгерідегідей түрлі тәсілдерге сүйене отырып, шығу тарихына үңілу екі ортадағы байланысты анықтауға мүмкіндік береді.

Ерте орта ғасырлардағы антропонимдердің бүгінгі тіліміздегі нұсқаларын анықтау түркі тілдері арасындағы өз үлесіміздің салмағын көрсетпек. Сондай-ақ этномәдениетіміздің қаншалықты тереңде жатқандығын және сол дәуірдегі қоғамдық пікір, көзқарастардың деңгейін аңғартады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, «Ғылым», 1971
2. Махрипов Н.И. Антропонимы в «Дивану лугат ат-тюрк» и «Кудадгу билик»// в сб. Советская тюркология. 1979. №4
3. Досжанов Б.Ә. Қазақ тіліндегі көне тұлғалы антропонимдер. Фил.ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Астана. 2001
4. Абромзон М.С. Киргизы и их этногенетические историко-культурные связи. Ленинград. 1971
5. Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Алматы, «Білім». 1994
6. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы. «Қазақстан». 1993
7. Қазақ дәстүлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі. Алматы, «Словарь-сөздік». 1997
8. Жанұзақов Т. Основные типы и состав тюркской ономастики V – VIII в.в. Изв. АН Каз. ССР сер. Общ. №1. 1971
9. Севортян Э. ЭСТЯ, 1974
10. Қашқари М. Түбі бір түрік тілі. «Ана тілі» 1993. 47 б.
11. Ежелгі дәуір әдебиеті «Хрестоматия» Алматы. «Ана тілі». 1991
12. Радлов В. Титулы и имена уйгурских ханов. «СПБ». 1890

УДК 94(512.161)

ОРХАН ПАМУК – ПАССИОНАРНАЯ ЛИЧНОСТЬ В СОВРЕМЕННОЙ ТУРЦИИ

Мукушев Алишер Муратжанұлы

m.alisher.m@mail.ru

Студент 4-го курса факультета Международных отношений ЕНУ им. Л.Н.Гумилёва. Астана.
Казахстан

Научный руководитель – Наханова Ляззат Аяновна

В настоящем исследовании делается попытка объяснить причины феномена всемирной успешности Орхана Памука, что неизбежно приводит нас к поиску первоначал в самом турецком обществе, его истории и развитии. В связи с этим следует обратиться к проведённым исследованиям в области истории развития этносов. В качестве теоретического базиса будет уместным применить подробно разработанную теорию пассионарности и этногенеза Льва Николаевича Гумилёва. Таким образом, Орхан Памук будет рассмотрен как элемент всего турецкого народа на всех этапах исторического процесса, появление которого более чем закономерно.

Ферит Орхан Памук (тур. Ferit Orhan Pamuk; род. 7 июня 1952, Стамбул, Турция) — современный турецкий писатель, лауреат нескольких национальных и международных литературных премий, в том числе Нобелевской премии по литературе(2006). Популярен как в Турции, так и за её пределами, произведения писателя переведены на более чем пятьдесят языков. Известен своей гражданской позицией в отношении геноцида армян и